# Әр адам нені білуі қажет!

## Жұғу жолдары:

**Жыныстық жолмен**

- кездейсоқ жыныстық қатынас кезінде
- жыныстық серіктесті жиі ауыстырған кезде
- мүшеқапсыз жыныстық қатынасқа түскен кезде

**Қан арқылы**

- есірткі қантамыр арқылы пайдаланғанда (залалды ине, шприц және басқа құрал-саймандар, материалдар)
- татуировка, пирсинг, маникюр, педикюр жасату мен басқа шаралар кезінде (залалсыздандырылмаған ине, құралдар арқылы)
- кездейсоқ жарақат алғанда қолданылған шприц инесінен дәрі егу кезінде

**Тікелей**

- ауру анадан жүктілік кезінде, босанғанда және емізгенде жұғады

**АИТВ жұқпайды, егер:**

- қол алысып, құшақтасса
- жөтелсе немесе түшкірсе
- бассейнде және табиғи суда шомылса
- ортақ ыдысты, асхана, төсек-орын жабдықтарын қолданса
- ортақ әжетхананы және жуынатын бөлмені қолданса
- шыбын-шіркей шақса

## Жұқтырып алмау үшін не істеу қажет:

- жауапты, қауіпсіз жыныстық мінез-құлықты ұстану
- жыныстық серіктеспен өзара адалдықты сақтау
- есірткіні тұтынудан бас тарту
- жеке қорғану құралын – мүшеқапты пайдалану
- косметикалық шаралары (пирсинг, татуаж, маникюр, педикюр, құлақ тесу) үшін залалсыздандырылған құралды қолдану
- жеке тазалық құралдарын қолдану

## Күдіксіз өмір сүру үшін не істеу керек:

Емханадан немесе ЖИТС орталығынан тегін тексеруден өту



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАН!

# ЖИТС таңдамайды. БІЗ таңдаймыз!



**АИТВ-инфекциясы** адамның иммун тапшылығы вирусынан туындайды және иммундық жүйені біртіндеп зақымдай береді. Адам ешқандай инфекциядан қорғана алмайтын болады.

ЖИТС – бұл АИТВ – инфекциясының ақырғы сатысы.

АИТВ-жұқтырғандар бірнеше жыл бойы өзін сау сезініп, кәдімгідей өмір сүре береді және өздері білместен басқа адамдарға ауру жұқтыру көзі болуы мүмкін.

АИТВ-инфекциясы – есірткіге тәуелділердің, секс-индустрия қызметшілерінің, гомосексуалистердің ғана мәселесі емес. Кез-келген адам вирус жұқтыруы мүмкін.

## АИТВ жұқтырылады:

- ☑ инъекция арқылы есірткі еккен кезде



- ☑ АИТВ-инфекциясын жұқтырған адаммен қорғаныссыз жыныстық қатынас жасаған кезде



- ☑ АИТВ-инфекциясын жұқтырған анадан жүктілік, босану, емшекпен емізу кезінде баласына



- ☑ тату, пирсинг жасаған кезде, қырынғанда, маникюр, педикюр жасау кезінде зарарсыздандырылмаған құралдар арқылы.



**Жыныстық аурулары бар болса АИТВ жұқтыру қаупі арта түседі.**

## АИТВ жұқтырылмайды:

- ☑ қол алысып амандасу, достық құшақтасу мен сүйісу арқылы



- ☑ сантехжабдықтар арқылы, бассейнге, душқа түскен кезде



- ☑ өндірістік және тұрмыста қолданылатын заттар (компьютер, ас-үйлік ыдыс-аяқтар және басқа құрал-аспаптар) арқылы



- ☑ қоғамдық көлікте



- ☑ жәндіктердің шағуы, жануарлардың тістеуі арқылы.



## Қалай жұқтырмауға болады:

- ! есірткі тұтынудан бас тарту, тіпті бір реттің өзі ауру жұқтыру үшін жеткілікті
- ! ерқуйек пайдалану, тұрақты әрі сенімді серігің болғаны дұрыс болады
- ! емшараларды (ине салу, құлақ тесу, тату жасау) арнайы мекемелерде жүргізу

**Ауру жұқтыруым ықтимал деп күдіктенген кезде -кез-келген емханаға барып дәрігердің кеңесін алу және тексерілу керек (аты-жөніңізді жасыруға болады).**

**Сіздің тәртібіңіз - Сіздің денсаулығыңыз!**
**Есте сақтаңыз! Өз тағдырыңыз өз қолыңызда!**

«Қызыл сызық»
8 800 080 54 54



# ӘР АДАМ АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІ ТИІС